

**4-апта (18.10-22.10.2021 жыл)
№9 «Балдырған» кіші топ**

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Апталық тақырып: "Алтын күз"

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру, тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;
- көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айтуға бейімдеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.2021	Сейсенбі 19.10.2021	Сәрсенбі 20.10.2021	Бейсенбі 21.10.2021	Жұма 22.10.2021
Балаларды қабылдау	Балалармен амандасу. Балалардың дене қызуын тексеріп, тазалықтарын қалағалау. Саусак жаттығуларын жасату. Танертеңгілік жаттығу жасау.				
Ата – аналармен кенес, әңгімелесу	Ата-аналармен амандасу. Балаларды алып келгенде және алып кеткенде маска тағуларын сұрау. Балаларды уақытылы алып кетуін өтіну. Кешікпей келулерін сұрау.				
Ойындар (үстел – үсті, саусак және т.б)	Саусак жаттығуы. "Күн" жаттығуы. Қолдарын бір-біріне айкастырып, саусактарының арасын ашып, күнсәулесі сынды қимыл жасайды. Жарқырайды күннің көзі, Нұрын шашып далаға. Күн сәулесін төгеді, Бақыт сыйлап балаға.	Көзге жаттығу. "Көбелек" жаттығуы. Көбелектің ұшуын көзбен ілесіп қарап отыру. Көбелек оңға, солға, жоғары, төмен ұшады.	Үстел үсті ойыны. "Құрылыс ойындарын ойнаймыз". Мақсаты: Құрылыс ойынышқытарымен таныстыру. Түстерін айтқызу.	Дидактикалық ойын: «Не жоқ?» Мақсаты: Ойынды ойыншықтармен ойната отырып, балалардың ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Ойын- жаттығу "Ақ қоян" Ақ қоян-ау, ақ қоян, Орныңнан тұрсаңшы Бетінді жусаңшы. Айнаға қара, Шашыңды тара.
Танертеңгі жаттығу	Танертеңгілік жаттығу кешені "Гүлдермен"				

Таңғы ас	Дұрыс отырып, сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету. Тамақты төкпей-шашпай, ұқыпты ішуге, тамақтанып болған соң, "алғыс" айтуға үйрету.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық	<p>Мақал-мәтелдер айту:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Отан оттан да ыстық. 2. Отан елдің анасы. 3. Отан үшін күрес - ерге тиген үлес. 	<p>Дидактикалық ойын:</p> <p>"Кім не істейді?"</p> <p>Мақсаты: Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету.</p>	<p>Саусақ жаттығуы:</p> <p>"Жай және жылдам". Шапалақта қолыңды, Жай, жай, жай! Міне былай!</p> <p>Шапалақта қолыңды, Тез, тез, тез! Тез, тез, тез!</p> <p>Алға қарай адымда, Жай, жай, жай! Міне былай!</p> <p>Жолыңнан еш жаңылма, Тез, тез, тез! Тез, тез, тез!</p>	<p>Дидактикалық ойын:</p> <p>"Затты ал"</p> <p>Мақсаты: Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету.</p>	<p>Өлең жолдарын қайталау.</p> <p>"Отан".</p> <p>М. Хакімжанов.</p> <p>Отан - жерім, Отан - күнім, Отан - қуат, нәр береді. Отан - ұран, Отан - туым, Отан мәңгі гүлденеді.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1."Таным" Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Бақшадағы көкөністер»</p> <p>Мақсаты: Балаларды жылдың «күз» мезгілі және оның ерекшеліктерімен (жаңбыр, жапырақтар сарғайып түседі, жаңбыр жауады т.б) таныстырып, табиғат құбылыстарына қызығушылығын арттырып, әдемілікті сезінуге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Көргендерін суреттен беруге дағдыландыру</p>	<p>1."Шығармашылық" Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Апорт деген тәтті алма»</p> <p>Н.Әлімқұлов, Д.Ботбаев</p> <p>Мақсаты: Өн арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру.</p> <p>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жемістер мен көкөністер»</p> <p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Қоғалда серуендейміз»</p> <p>Мақсаты: Балалардан</p>	<p>1."Қатынас" Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Алтын дән» (өлең) Күләш Ахметова</p> <p>Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру. Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету. Өлеңді жаттау арқылы сөйлеу тілін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, ойын ойнау, қорытындылау.</p>	<p>1."Шығармашылық" Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Бұл алтын күз»</p> <p>А.Досмағамбетова</p> <p>Мақсаты: Күз туралы балаларға толығымен түсіндіру, әнді қайталату.</p> <p>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қолшатыр» биі</p> <p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Қоғалда серуендейміз»</p> <p>Мақсаты: Балалардан күз мезгілің ауа райын сұрау.Сызықтармен шектелген (ені 25 см ,</p>	<p>1."Денсаулық" Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы: «Бақшада»</p> <p>Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айта білуге,әңгімелеуге тәрбиелеу.Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен (ені 25 см , ұзындығы 2 м) тұзу жолмен жүру .</p> <p>2."Таным" Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»</p> <p>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі, оның ерекшеліктері, түстер</p>

	<p>арқылы сөйлем құрап айта білуге бейімдеу. Балаларды көкөніс түрлерімен таныстырып, оларды бір – бірімен түсі, пішіні, дәмін ойын арқылы ажырата білуге үйрету.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, жұмбақтар шешу, қорытындылау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p>Дидактикалық ойын: "Жеміс пе, көкөніс пе?"</p> <p>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа үйрету.</p>	<p>күз мезгілін ауа райын сұрау.Сызықтармен шектелген (ені 25 см , ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру.Қол тигізгенге дейін секіру.</p>	<p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p>"Сикырлы қапшық" ойыны</p> <p>Мақсаты: балаларды шапшандыққа баулу.</p> <p>2."Шығармашылық" Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Жаңбыр тамшылары»</p> <p>Мақсаты: Балаларға қылқаламды сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету. Қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың кимыл қозғалыстарын дамыту, ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, жаңбыр тамшыларын суретін салу, дидактикалық ойын, қорытындылау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p>Дидактикалық ойын: "Жаңбыр тамшысы"</p> <p>Мақсаты: қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру.Қол тигізгенге дейін секіру.</p>	<p>туралы түсінік бере отырып, кима қағаздан жапырақтарды тәрбиеші көмегімен құрастыруды дағдыландыру.</p> <p>Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, қорытындылау.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p> <p>«Зейінді бол»</p> <p>Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.</p>
Серуенге	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне дағдыландыру. Киімдерінің түймелерін дұрыс түймелеуге, аяқ киімдерін				

дайындық	оң киіп, бауларын байлауға, ұқыпты киінуге үйрету				
Серуен	<p>1.Бақылау: Күзгі ағашты бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Жалаушаға қарай жүгір».</p> <p>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Әлжаннан отбасы туралы әңгімелесу.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Құстарды бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы тастарды жинату.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Автомобильдер мен торғайлар».</p> <p>Мақсаты: балаларды ептілікке үйрету.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Сезімнен түстерді сұрау.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Бұлттарды бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ересек балаларды бақылау.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріңдер».</p> <p>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Рахманнан тәртіптілік туралы сөйлесу.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Жүк көліктерін бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Құстарды бақылап, оларға жем беру.</p> <p>3. Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық».</p> <p>Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа, жылдамдыққа үйрету.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Инжуден өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Аспанды бақылау.</p> <p>2. Еңбек: Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.</p> <p>3. Қимылдық ойын: "Күн мен жаңбыр".</p> <p>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа үйрету.</p> <p>4. Жеке жұмыс: Шамильден "рұхсат" сұрауды үйрету.</p> <p>5. Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті колдарын жуу, сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң колдарына ұстауға тәрбиелеу. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. "Рахмет" сөзін айтқызу.				
Түскі ұйқы	Балаларды жай музыка әуенімен ұйықтату.				
	Қазақ ертегіні айтып ұйықтатқызу.	Жәй әуенмен ұйқыға жатқызу.	Бауырсақ ертегісін айтып ұйқыға жатқызу.	Жылы сөз айтып жатқызу.	Мазмұнды ертегіні айтып ұйқыға жатқызу.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балалардың бас, қол, аяқтарына керілу, созылу қимыл- қозғалыс жаттығуларын жасату. Түкті кілемше үстімен жүргізу.				
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру.				
Ойындар, дербес әрекет.	<p>Сюжеттік ойын: "Дәрігер".</p> <p>Мақсаты: Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Қимылдық ойын: "Гүлдер мен көбелектер".</p> <p>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.</p>	<p>Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Алыста ма, жақында ма?".</p> <p>Мақсаты: затқа дейінгі аралықты өлшеу, жақын ба, алыс па. Қажет сөздерді қолдана білу.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Кім шапшаң?".</p> <p>Мақсаты: есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру.</p>

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сезімнен түстерді ажыратуды үйрету.	Әлжаннан қимылды ойын ойнау.	Рахманнан жыл мезгілдерін сұрау.	Інжуден түстерді үйрету.	Шамильден қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасау.
Серуенге дайындық	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
Серуен	<p>1.Бақылау: Күнді бақылау.</p> <p>2. Қимылдық ойын: «Күн мен жаңбыр».</p> <p>Мақсаты: Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.</p> <p>3. Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау.</p> <p>2. Қимылдық ойын: «Ақ коян».</p> <p>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту.</p> <p>3. Еркін ойындар.</p>	<p>1. Бақылау: Айналада жүрген құстарды бақылау.</p> <p>2. Қимылдық ойын: «Торғайлар мен мысық».</p> <p>Мақсаты: Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету.</p> <p>3. Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Күзгі ауа-райын бақылау.</p> <p>2. Қимылдық ойын: «Маған қарай жүгіріндер».</p> <p>Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>3. Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау : Желді бақылау.</p> <p>2. Қимылдық ойын: «Сұр көжек жуынып жатыр».</p> <p>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту».</p> <p>3. Еркін ойындар.</p>
Балалардың үйіне қайтуы.	Ата-аналарға балаларының қарындашты дұрыс ұстауларына үйде де жұмыс жасауларын айту.	"Күз" тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту. Мақсаты: тілдерін дамыту.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді өтіну.	Балаларға түстерді ажыра білуді үйден қадағалауды сұрау.	Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруді айтып, демалыс күндеріне сәттілік тілеп қоштасу.

